


Д 2005
13408к

ИХТАР ЭҮЕЗОВ

Ихтар



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**М.О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ**

«ӘУЕЗОВ ҮЙІ» ҒЫЛЫМИ-МӘДЕНИ ОРТАЛЫҒЫ

Мұхтар Әуезов

**ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ
ЕЛУ ТОМДЫҚ ТОЛЫҚ ЖИНАҒЫ**


15-том

МАҚАЛАЛАР, ЗЕРТТЕУЛЕР, ПЬЕСАЛАР

1937–1940

**АЛМАТЫ
“ЖІБЕК ЖОЛЫ”**

2004



Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің бағдарламасы бойынша шығарылып отыр

Ә 82Әуезов М.

Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 15-т. — Алматы: “Жібек жолы” баспа үйі, 2004. —394 бет.

ISBN 9965-637-32-6

Мұхтар Омарханұлы Әуезов шығармаларының елу томдық академиялық толық басылымының 15-томына 1937—1940 жылдар аралығында жазылған, қазақ әдебиетінің мәселелеріне арналған “Абайдың идеялық-мәдени ізденулері”, “Жақсы сынға жан пида”, “Жөңгір” жыры қазақ тілінде”, “Абай жайын зерттеушілерге”, “Мәдениетті Қазақстан”, “Абайдың өмірбаяны” атты мақала-зерттеулері мен “Шекарада” пьесасы, “На границе” деген атпен автордың аударуындағы орыс тіліндегі нұсқасы еніп отыр. Сынымен қатар басылымда жазушы шығармалары жөніндегі ғылыми түсініктемелер қамтылған.

Кітап ғылыми жұртшылыққа, қалың оқырман қауымға арналған.

ББК 84 Қаз 7-44

Редакциялық кеңес:

Абдрахманов С., Әуезов М., Әкім Т. (жауапты хатшы), Бердібаев Р., Кекілбаев Ә., Қабдолов З., Қананиянов Б., Қасқабасов С. (кеңес төрағасы), Қирабаев С., Қонаев Д., Құл-Мұхаммед М., Мағауин М., Майтанов Б. (кеңес төрағасының орынбасары), Мұртаза Ш., Нұрғалиев Р., Нұрпейісов Ә., Оразалин Н., Сүлейменов О., Тасмағамбетов И.

Редакциялық алқа:

Елеуқенов Ш., Есім Ғ., Құндақбаев Б., Нарымбетов Ә., Сыздықов К., Ысмағұлов Ж., Ісімақова А.

Жауапты шығарушы — *Е. Қаныкейұлы*

Қолжазбаларды салыстырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар:

Ахетов М., Әбдіғұлов Р., Әкім Т., Болсынбаева А., Қайшыбаева Р., Қаныкейұлы Е., Қонаев Д., Қуанышбаев А., Майлыбай С., Майтанов Б., Рахымжанов К., Тойшанұлы А.

Ә $\frac{4702250201}{430 (05) - 04}$ хабарланбаған — 2004

ISBN 9965-637-32-6

ISBN 5-628-02141-5

© М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 2004

**Мақалалар,
зерттеулер**



АБАЙДЫҢ ИДЕЯЛЫҚ-МӘДЕНИ ІЗДЕНУЛЕРІ

Бақпен асқан патшадан
Мимен асқан қара артық.
Сақалын сатқан көріден
Еңбегін сатқан бала артық.

Абай

Сыншыл ойға көз сүзіп, бас иген, дінге сынның тұрғысымен қараған, халқының мәдениеті жолында аянбай күрескен жалынды қайраткер, пысық, дүниеқор, мансапқор, алаяқ феодал ақсақалдардың ішінде серік таппай күйінген Абай қазақ елінің көлемінде ғана емес, сонымен бірге қазақ елімен іргелес жатқан шығыс елдерінің көлемінде де заманынан оза туған дана кісі болды.

Ғасырлар бойы үстем болып келген схоластикалық медресенің және фанатик молдаларының орнын өткен ғасырдың аяғында келіп буржуазияшыл-діни новаторлық басқанда, Абай бұған сын көзімен қараған, сене қоймаған. Батыс мәдениетінің, әсіресе ұлы орыс халқы мәдениетінің игі ықпалы үшін де, Абай мұны қабыл алмаған.

Ауғанның Жәлелләтдіні мен Мысырдың Мұхаммед Ғабдуһиының учениелері де, керек десе сол тұстағы Ресей мұсылмандарының арасында дәріпті болған Исмаил Гаспринскийдің де учениесі Абайды өзіне еліктіре алмады.

Ешқандай негізі жоқ және түп асылы реакцияшыл панисламизмның қамқоршылары, қорығыштары жұртшылықтың пікірін теріске сілтеді, орыстың және батыстың мәдениетінен жұртшылық пікірін қашықтатпақ болды.

Күншығыстың барлық ескі заманғы тарихының ішінен Абай өзіне рухани азық етіп араб-иранның классикалық поэзиясын ғана, “Шағатайдың” ескі әдебиетін ғана алды. Абай тек Фирдоусидің, Ғафиздің, Саадидің, Низамидің, Науаидің және Ғзулидің мәңгі өлмейтін ақындық шығармаларын ғана қабылдады, соған бой ұрды.

Бірақ Абай осылардың бәрін бойына сіңіріп алды да, жас кезінің өзінде-ақ алдына қойған жоғары тілектерімен ол бұлардан асып кетті. Ол, “Қағбаны” басқалардай Шығыстан, исламның адыра қалған жұртынан іздеген жоқ, Батыстан ғана іздеді, заманының түнектей қараңғылығын жарып отырып, ол өзінің жалғызаяқ жолымен сол Батысқа қарай бет алды. Оның жалғызаяқ жолы “халықтың даңғыл жолына”, орыс халқының ұлы данышпандығының “мұрасына” апарып жеткізгенде, міне сонда ғана ол жарық дүниені көрді, бойына бақыт нұры енді. “Бүгінгі анайы тұнғыс, дала досы қалмақтың” ішінде асыл мұраға алдымен келіп жеткен осы біздің Абай болар¹. Бүгіндей бергі шығыстағы елдердің ішінде бұл мұраға алдымен жеткен сол Абай ғана.

Енді бүгін халықтың және орыс классикалық поэзиясының көусәр суымен суарылған оның мәңгі өлмейтін шығармалары біздің көзімізге өткен заманның таң-тамаша қалғандай амалы болып көрініп отыр. Ол халық тарихының биік шыңына жалғыз-дара шыққан тау ағашы сияқты. Орыс халқы мәдениетінің игі ықпалымен, әсерімен тамашадай байыта отырып, өз халқының ғасырлар бойындағы рухани мәдениетінен оның біздің заманға әкеліп жеткізгендері Абайдың атын мәңгі өшпестей дәріптейді, оның атын қазақтың классикалық мәдениетінің биік шыңының ұшар басына апарып қондырды.

Қазақстанның зерттеу жұмыстары Абай мұраларының негізін дұрыс ұғынудың жолын кейінгі жылдардың ішінде ғана байқап отыр. Орыстың классикалық мәдениетімен Абайдың байланысын түсіндіргенде, бұрын тек Абайдың Пушкиннен, Лермонтовтан, Крыловтан аударғандарын үстірт атаушы еді де, сонымен жұмысын аяқтаушы еді.

Рас, өткен ғасырдың 80-жылдарында өзінің толып жатқан аудармалары арқылы, Абай бұлардың аттарын қазақ жұртына танытты. Тағы оның үстіне Татьяна мен Онегиннің хаттарына ол өзінің күйін қосты да, бұлардың аттарын қазақ халқының лирика-эпостарындағы геройларымен бірдей етіп дәріптеді. Бірақ Абай еңбектерінің мәні, асылы мұнысында ғана емес. Абай өзінің шығармаларында бойына сіңіріп, толықтай игеріп алған европалық школаның, Пушкин школаның мәдениетін көрсетті.

Абайдың орыс мәдениетімен байланысын айтқанда бір

ғана поэзияны атады да, бұл байланыстың өрісін тағы тарылтты. Ал, сонан келген, Абайдың сатиралық әйгілеу өлеңдерінің Салтыков-Щедриннің сатирасымен терең байланысып жатқанына қазір ешқандай күдік келтіруге болмайды. Оқудағы жастарға арнаған өлеңінде Салтыковтың және Толстойдың аттарын атауы да тегін емес.

Осылардың идеясын, мәдениетін игеріп алған соң ғана және алдындағы достары арқылы (Чернышевскийдің шәкірттері – Михаэлис, Гросс, Долгополов, тағы басқалар арқылы) орыс жұртшылығының алдыңғы қатардағы идеясымен танысқан соң ғана ол “Менің қағбам батысқа көшті” деп айта алды².

Орыс әдебиеті ғана емес, Европаның классиктері де, Сократтың, Аристотельден бастап Спинозаға, Спенсерге және Дарвинге шейінгі де философия иелері оған таныс болатынды. Ол, әсіресе, Европадағы ой-пікірлердің даму тарихымен көбірек айналысты.

Өзінің көңіл күйінің лирикасында, жаратылысының лирикасында, толып жатқан прозалық трактаттарында терең бойлай жататын өзінің рационалдық философиясын Абай кездейсоқ жасай салған жоқ, алдымен осындай бай школардың оқуын өтіп алып, сөйтіп бұларды өзінің творчестволық өңдеуінен өткізген соң ғана жасай алды.

Керек десе оның діни-философиялық тақырыптағы идеалистік ой толғауларының сараң, шолақ ойлы Ислам апологеттерінен қанша ілгері жатқанын да аңғару қиын емес. Мұның Спенсердің мораль философиясымен туыстас екені күмәнсіз. Бұл жайында мұнан да көпті айтуға болады – Абай творчествосының және оның дүние тануының негізі турасындағы нағыз мәдени, ғылыми пікір Абай мұраларындағы эллинистік элементтермен де айналысуы тиіс. Біз бұл арада халық даналығының, Шығыс классикасының және Гректің антикалық (ескі) мәдениетімен тамырласып жатқан Европаның классикалық мәдениетінің тамашадай жымдасып біріккенін көреміз. Абай Сократ туралы философиялық трактат та жазған. Бірақ соның ішінде алдымен айта кететін – ол “Ескендір Зұлқарнайын” және өзінің тәрбиешісі Аристотель туралы пікірге бай поэма жазды.

Ол тұста қазақтың баспасөзі жоқ-ты, кітап шығару мәдениеті қазаққа салт болып енбеген-ді. Бірақ соған қара-

май, Абай өзінің тірі кезінде-ақ халық арасында дәріпті болды, халқы сүйген ақыны болды. Оның шығармалары қолжазба күйінде-ақ тарап тұрды, әсіресе, атап айтатын нәрсе, Абай өлеңдерін қазақтың ақын, жыршылары халық әндеріне, Абайдың өзі шығарған күйлеріне қосып ел құлағына сіңіріп жүрді. Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарында-ақ Абай маңына тұтас бір әдебиет школасының құрылуы – Абайдың кемеңгерлігін халықтың танығандығының белгісі.

Абайдың идеялық мәдени-рухани дүниесінің кеңдігі Абайдың ізін қуған ақындардың сюжетке бай романтикалық, тарихи алуан-алуан жырларында және тарихи батырлар поэмаларында жақсы көрсетілген. Бұл поэмалардың тақырыптарын екінің бірінде Абайдың өзі беріп тұрған. Мәселен, өзінің баласы, жас ақын Мағауияға ол Кавказдағы Шамиль көтерілісінің тақырыбын, сонсоң Ниль дариясының бойындағы қанаушы жер иесінен құлдың (“Медғат – Қасым”) кек алу тақырыбын айтқан. Ол Ақылбай ақынға Дағыстаншылар жайындағы (“Дағыстан”) романтикалық-батырлық поэманың тақырыбын және Зұлыстар (“Зұлыс”) тақырыбын берген. Өзінің шәкірті және досы болған Көкпай ақынға өз халқының өткен заманынан алынған тарихи поэмалардың тақырыбын берген. Әйел теңдігіне және жалғыз дара елдердің феодалшыл-рушылдықтың ескі ұйытқысына қарсы күресіне арналған поэмаларды да осы школалар тудырған.

Абайдың зор игілі әсері ақындардың ғана творчествосына тиіп қойған жоқ, ол толып жатқан өзінің оқушыларының ұғымына да, олардың мәдени талаптарына да әсер етті. Абайдың өз аузынан және жыршы досы Баймағамбеттің аузынан бірқатар Батыс жазушыларының шығармалары ауыздан-ауызға көшіп, бүкіл елге тарады. Мен өзім Баймағамбеттің өз аузынан Дюманың “Үш мушкетер” деген романын, “Нова-варра Генрихы” деген романды, Үрістемнің дастандарын, Петр Великийдің және белгісіз авторлардың инквизиция заманынан жазған сюжетке бай бірнеше романдарын естідім.

Осы романдарды бастағанда, “Нидерлан деген жерлерде, Лейден деген қалада, инквизиция деген бір би болыпты” деп бастайтыны Баймағамбетті тыңдағандардың бәрінің де есінде болар; Абайдың белгілі досы қара танымайтын Баймағамбет құлағын тіге, соның аузына қараған тыңдаушыларға қызғылықты хикаясын міне осылайша бастайтын.

Зор ақын болған кісінің бәрі өз ортасын қалай білімді ету керек екендігін, өз ортасын әрбір үлкен ақын қалай құру керек екенін Абай өзінің нағыз кемеңгерлігімен бүкіл мәдениетті жұртқа дәлелдеп шықты. Өзінің шығармаларын халық жүрегіне кеңінен ұғындыру, ілгерідегі жолын кеңінен ашып, прогрестің идеялық-мәдени болашағын көрсете отырып, халқының ақыл-ой парасатын жетілдіру – міне халық ақынының, классикалық ақынның мағыналы орны осында. Абай осылай болғандықтан ғана өз заманынан оза шыққан кісі болды, ол осылай болғандықтан ғана оның творчествосының күшті ағындары біздің адам баласының тарихы көрмеген заманымызбен тіл қатып, сөйлескендей болады.

Туыстас ұлы орыс халқының мәдениетін үйреніп, сол мәдениетті творчестволық түрде өңдеп, өзіміздің ерлік заманымызға сай көркем шығармалар берілуі керек.

Халқынан және орыстың, Батыстың классиктерінің данышпандарынан үйренген Абай сияқты біз де өзіміздің социалистік әдебиетімізді сан жағынан ғана емес, көркемдік пен шебер жазылған шығармалармен байытуымыз тиіс.

Біздің алдымызда тұрған міндет осылай бола тұрса да, біздің шолақ ойлы, жеңіл мінезді сыншылар қазақ прозаиктерінің көбін мынау А.М.Горькийге ұсаған екен дей салады, ал қазақ ақындарының көбін мынаның Маяковскийге таразысы тең екен, сонымен үндес екен дейді. Осындай, әділ жанның қытығына тиетін, надан сыншылықты тастап, біздің мәдениетті сыншылар алдарына мына сияқты міндеттерді қойса: Қазақстанның ақын, жазушылары, өздеріңіздің ұлы заманыңызда орыс классиктеріне таразысы тең Горькийдің, Маяковскийдің шығармаларына ұсайтын шын көркем шығармалар берулерін тиіс. Абайдың Пушкиннен, Лермонтовтан үйреніп жазғандарындай, қазақтың ана тілінде, мәдени сатысы биік поэзияны тудырындар. Сіздердің шығармаларыңыздың шын өлшеуі қазақ оқушыларының ғана танығаны болмай, бүкілсоюздық оқушының сыны болсын. Ұлы интернационалдық совет жұртшылығы сіздерді де біздің бүгінгі дана кәриямыз Жамбылды сүйгендей сүйетін болсын. Союздағы барлық жазушылардың, барлық Совет Союзындағы халықтардың дана көсемі партияның бастауымен біздің Союз көлеміндегі мәдениетті жазушылармен үлгілі, игілі жарысқа түсіңіздер. Осы беттеріңізде кең болашақтың

бетін ашыңыздар, өткен заманның ұлы классиктері – Пушкинде, Абайда болған, пролетариат әдебиетінің негізін салушы Горькийде болған, Ленин заманының алдына жан салмаған ақыны Маяковскийде болған кең көркемдік көлемге ие болыңыздар.

Біздіңше, Абайдың классикалық мирастарына қарайлағанда, біздің алдымызда тұратын мәселелер осылар болуы керек еді. Абай біздің дәуірден үлкен орын алғанда, өзінің творчествосының негізгі мотивтерімен ғана емес, идеялық, мәдени зерттеуімен де, мәселелерді және қазақтың көркем әдебиетінің жолдарын өз дәуіріне қарай дұрыс шешумен де оның творчествосы біздің заманмен үндесіп, тілдесіп жататындығынан.

ИДЕЙНО-КУЛЬТУРНЫЕ ИСКАНИЯ АБАЯ

Простолюдин, превознесенный умом,
Выше царей, превознесенных родом;
Юноша, прославленный трудом,
Выше старца, прославленного бородой.

Абай

Поклонник критического разума, просвещенный рационалист, пламенный борец за культуру народа и трагический одиночка среди ханжей, стяжателей и среди косных седобородых старшин-феодалов Абай был незаурядным явлением своей эпохи не только в истории казахского народа, но и в истории всего ближнего Востока.

Когда в последней четверти прошлого столетия взамен многовекового господства схоластических медресе, фанатичных мулл пришло религиозно-буржуазное новаторство на Востоке, Абай отнесся критически, холодно к нему. Он отверг это новаторство ради благотворного влияния культуры западной и культуры великого русского народа.

Его не могли увлечь псевдоучения и Желалетдина Афганского, и Мухаммеда Габдуху Египетского, и, даже популярного среди российских мусульман того времени, Исмаила Гаспринского. Беспочвенные и реакционные ревнителы панисламизма, полумесеца, они ложно, неверно ориентировали общественную мысль на отрыв от русской и западной культуры.

Из всей древней культуры Востока Абай отобрал духовной пищей для себя только классическую поэзию арабо-иранской и “чагатайской” старины. Только Фирдоуси, Хафиз, Саади, Низами, Навои и Физули получили за свои бессмертные, подлинно поэтические творения настоящее признание у Абая.

Но еще с молодости Абай искал свою “Каабу” не на развалинах ислама¹, не на Востоке, а только на Западе, он шел одиночной тропой, шел сквозь мрак и жуть своей эпохи. В этих поисках он обрел свет и счастье, когда его тропа вывела его к “незарастающей народной тропе”, к “Памятнику”² великого гения русского народа Александра Сергеевича Пушкина. И, пожалуй, первым из пришельцев к благородному памятнику был он, Абай. Он один из первых пришельцев даже всего ближнего Востока.

И сегодня он со всеми своими бессмертными творениями, впоенными соками народной и русской классической поэзии, представляется нашему взору поразительным явлением прошлого. То, что принесено им от многовековой духовной культуры своего народа, то, что так замечательно обогащено благотворным влиянием русской культуры, и создало неувядаемую славу имени Абая, как сияющей вершины казахской классической поэзии.

Только в течение последних лет находит пути правильного понимания творчества Абая исследовательская мысль в Казахстане. Элементарное, примитивное объяснение связи Абая с русской классической литературой в прежние годы сводилось только к перечислению переводов Абая из Пушкина, Лермонтова, Крылова.

Верно, что Абай еще в восьмидесятых годах прошлого столетия создал своими переводами популярность этим писателям в среде казахского народа. А создав свои мелодии к объяснениям и письмам Татьяны и Онегина, он сделал их имена столь же популярными в своих родных степях, сколь были популярны имена героев и героинь казахского народного лиро-эпоса. Но не в них суть. Абай в своих творениях полновесно отразил культуру глубоко освоенной им европейской школы, пушкинской школы.

Так же неверно ограничивали связь Абая с русской литературой, упоминая лишь одну поэзию. Между тем сейчас несомненна глубокая связь его сатирических изобличительных песен с сатирой Салтыкова-Щедрина. Не случайны в стихотворении, обращенном к учащейся молодежи, его упоминания имен Салтыкова и Толстого.

Только освоив их идеи и культуру и ознакомившись через своих друзей-ссылных восьмидесятых годов (через

учеников Чернышевского: Михаэлиса, Гросса, Долгополова и др.) с передовыми идеями русской общественности, он мог сказать: “Моя кааба перекочевала на Запад”³.

И не только русская литература, но и классики Европы, философы от Сократа, Аристотеля до Спинозы, Спенсера и Дарвина были знакомы ему. Особо интересовала его история умственного развития Европы.

Только пройдя такую богатую школу и творчески перерабатывая ее, он создал свою рационалистическую философию, пронизывающую и его лирику настроения, лирику природы, и многие его прозаические трактаты.

Нетрудно установить, как далеки от скудоумия апологетов ислама даже его идеалистические рассуждения на темы религиозно-философские. В них есть несомненное родство с философией морали Спенсера. Необходимо добавить, что в исследовании об основах воззрения и творчества Абая необходимо отметить и эллинистические элементы в его наследии. Здесь налицо огромный и замечательный синтез: народных мудрых воззрений, классики Востока и классической европейской культуры, восходящей в своих истоках к античной культуре. Абаем написан философский трактат о Сократе⁴. Но самое главное, им создана замечательная, глубоко насыщенная мыслями поэма “Об Александре Македонском и об Аристотеле – воспитателе его”.

Не было печати у казахов тогда, не было сложившейся традиции книжной культуры. Но, несмотря на это, Абай еще при жизни был популярным любимым поэтом народа. Его произведения распространялись в рукописях и, самое главное, распространялись певцами и акынами в сопровождении народной песни и собственных мелодий Абая.

Широту идейно-культурного духовного мира Абая замечательно отражают последователи Абая в своих многообразных сюжетных поэмах, романтических, исторических, историко-героических и т.д. Очень часто Абай сам давал темы для поэм. Так, молодому поэту, своему сыну Магавье, он дал тему о мести раба угнетателю-плантатору в долине Нила (“Медгат-Касым”). Поэту Акилбаю он также дал тему романтико-героической поэмы о дагестанцах (“Дагестан”), тему о зулусах (“Зулус”) и так далее.

Огромное благотворное влияние Абая сказалось не толь-

ко на творчестве массы его читателей. В родных степях Абая, из рассказов самого Абая и из передачи его друга сказочника Баймагамбета получил устное распространение ряд прекрасных романов западных писателей. Из сказа Баймагамбета я сам лично слышал роман “Три мушкетера” Дюма, роман о “Генрихе Наваррском”, сказание о героических похождениях Рустема, о Петре Великом, ряд романов о завоевателях Америки и остро-сюжетный роман неизвестного автора из времен инквизиции.

Всем слушателям Баймагамбета памятливы его первые фразы вступления к этому роману-сказу: “В некоей стране Индерлан, городе Лейден, был суд под названием инквизиция”, — так приступал к своей удивительно занимательной повести среди восторженных слушателей этот неграмотный, но многосведущий друг Абая.

Абай доказал всей культурной истории, как должен просвещать свою среду, как должен формировать эту среду всякий большой поэт. Иметь в сердцах народных широкий, живой отклик на свои творения и просвещать народные умы, открывая перед ними широкие горизонты, — вот в чем положительная, историко-культурная роль поэта народного, поэта-классика. Абай намного опередил свою эпоху и многими мощными струями своего творчества замечательно перекликается с нашей великой, беспримерной в истории человечества современностью.

Необходимо учиться культуре великого братского нам русского народа и, обогатившись этой культурой, творчески перевоплотить ее и создать достойные наших героических дней подлинно высокохудожественные произведения; творчески обогащаться и обогащать нашу социалистическую литературу не количеством, а качеством мастерских художественных произведений. Так делал Абай, учась и у народа, и у гениев русской и западной классики.

А между тем легковесная, малоубедительная часть нашей критики с легким сердцем назовет и множество казахских прозаиков, якобы сходных с А.М. Горьким, множество поэтов, якобы равных и созвучных Маяковскому. Поменьше бы этих раздражающих претенциозных и невежественных суждений. Пора заняться нашей критике постановкой проблем такого порядка: поэты, писатели Казахстана, создавай-

те настоящие художественные произведения о своей великой эпохе, действительно равноценные произведениям Горького, произведениям Маяковского. Учитесь у них и создайте на своем языке оригинальную и высокоценную поэзию, как делал это Абай, учась у Пушкина, Лермонтова. И мерилом подлинной ценности ваших произведений считайте признание не только казахского, но и всесоюзного читателя. Завоюйте любовь и уважение у великой интернациональной советской общественности, как этого достиг сегодня наш прославленный, мудрый, старый Джамбул. Идите на свободное творческое соревнование с выдающимися писателями нашего Союза и открывайте на этом пути широкие горизонты, обретайте художественные масштабы, какие были у великих классиков прошлого – у Пушкина, у Абая, у великого основоположника пролетарской литературы Горького и у непревзойденного поэта советской эпохи – Маяковского. Вот какие проблемы, казалось бы, должны занимать нас при нашем обращении к классическому наследию Абая. И, несомненно, Абай созвучен нашей эпохе не только основными мотивами своего творчества, но созвучен и своими идейно-культурными исканиями, мудрыми для своей эпохи решениями этих проблем и путей развития казахской художественной литературы.

ЖАҚСЫ СЫНҒА ЖАН ПИДА

“Социалистік Қазақстан” бетіндегі соңғы мақаласында Сәбит Мұқанов жолдас, біздегі көркем өнердің бір күрделі мәселесін қозғапты. Орынды көтерілген мәселе. Кеңінен ойланып, дәлелді, негізді сындар айтып, тұрақты қорытындылар жасауды керек ететін мәселелер.

Осы сияқты негізгі, күрделі, жалпы мәселелер жайында мен айрықша мақалалар жазамын. Ал бұл жолы Сәбит мақаласының арнаулы бір саласына ғана тоқталмақпын. Ол “Айман — Шолпан” жайы. Бұл менің жауаптылығыма жататын мәселе болғандықтан, жұртшылық үшін әуелі өз тәжірибем жөнінде, алдымен жауап беру, әсіресе қажет деп білдім.

Мәселе халық қазынасын қалай пайдалану жөнінде ғой. Бұның екі жолы бар. Біріншісі — фольклордағы (мысалы халық поэмаларындағы) адамдар мен сол адамдар арасындағы хал, харекетті бұлжытпай тек сахнаға ғана шығарып беру. Екінші жолы — поэманың адамдарын, мазмұнын кең түрде алу. Мұнда көбінесе поэманың өлең сөзінен де ешнәрсе алынбайды.

Осы екі жолдың біріншісі — жазушылық еңбек емес, режиссерлық. Екіншісі — шығармашылық еңбек. Біздегі кәзір опера театрында жүрген халық поэмаларынан алынған пьесалардың бәрі де осы соңғы жолмен істелген. Совет әдебиетінің ескі мұраға өнімді жолмен баруы да осыны тілейді.

Сәбит бізге осы екі жолдың қайсысын қолайлы деп ұсынады? Онысын дәл басып айтпаған. Бірақ айтпаса да соңғы өнімді жолды о да қостайды деп білемін.

Ендеше мәселе, поэманың мазмұнын өзгертудің өзінде ғана емес, қалай қып өзгертуде. Адамдарының қайсысын алып, қайсысын алмауда емес, қалай қып алуда. Тыңнан адам қосуда ғана емес, кімді қалай қосуда. Тартыстарын да поэмадан кең алу, тар қып алуда емес. Заманына сыйымды, қонымды және мағыналы, маңызды етіп беруде.

Жалғыз-ақ халық поэмасының іргесін алғандықтан ондағы “ақты” “қара” қып әкпетпе, “қараны” “ақ” қып әкпетпе. Еркін екем деп ерсі кетпе. Поэма бір бетте қап, сен қарсы бетке шығып кетпе. Кең алса да, сонымен бір өңірде жүріп. кең ал деу керек. Міне, дәл осы жерге шейін Сәбит менімен ұғысып келуіне керек. Айрылысып, дауласқанда осыдан әрі қарай дауласады. Не деп дауласады?

Кінәсінің ең үлкені Көтібар басында. Және сонымен қоса күлкі, сықақ боп кеткен өзгелер жайында айтады.

Осы ретте бір түсінік беріп кетейін. Сәбит “Айман — Шолпанның” алғашқы вариантын айтқанда, мақаласының басында, оның қойылуы — “қазақ музыкасының мейрамы сияқтанды” дейді. Бірақ сөз аңғарына қарағанда ол мейрамға М.Әуезовтің ешбір қатысы болмаған сияқты. Ол қойылған халық поэмасы дегісі келеді. Шынында ол “Айман — Шолпан” 50-60 беттік толық музыкалы, нағыз пьеса болатын. Ол опера емес жерлерінде ән-күйлі пьеса боп жүре алатын. Ал соңғы вариант опера көлеміне кіргенде пьеса емес либретто болды. Ол 30-ақ бет. Ендеше негізді, әділ сыншы сол шынды айтуға тиісті.

Екінші мынау соңғы вариантта менің толық жазуымда 80 бет. Толық пьеса. Ол әлі басылған жоқ. Оның негіз, мазмұн, маңызы да мынау либретто көлемінде ғана емес. Бірақ, әрине, жарыққа шықпаған соң, іште жатқан есепті. Сыншы көзбен көргеніне ғана жауапты. Рас, қатар жүрген, күнде көрісіп жүрген жазушысың, тым болмаса сының толық болу үшін, және автор кінәсі қанша, театр қоспасы қанша екен деп те бұл мәселеге көңіл бөлуге болатын еді ғой. Бірақ Сәбиттің нысанасы ол емес. Ол “Айман — Шолпанның” кәзір опера екенін де, театр сахнасында екенін де былай қойып, жалғыз авторға қадалады. Онысына да көндік. Міне, тіпті “Айман — Шолпанның” алғашқысын да былай қойып, өзге жайларын да былай қойып, сыншыға да аса қажетті болған дәл либреттоға келейік.

Сөйтіп, мәселенің үлкені Көтібар туралы ғой. Шындыққа қиянат бопты дейміз ғой. Кәне, енді осы жайды сыншы айтты екен деп, илана қалмай, оқушылар болып, жазушымыз, театрымыз, сыншымыз, авторымыз болып отырып, кеңірек, тереңірек ойлап көрейікші.

Осылайша келгенде, біз екі түрлі Көтібарды көреміз. Біреуі

аз-мүз болса тарихтан белгілі Көтібар. Екіншісі – халықтың салт (бытовая) поэмасы – “Айман – Шолпаннан” белгілі Көтібар.

Тарихтағы Көтібарға келгенде ол патшалық үкіметпен алысты деген ұзын сарынның бар екендігі рас. Исатай қозғалысына алыстан болса да, көмек қосқан деседі. Бірақ, дәл Көтібар бастап, Көтібар апарып, пәлен жерге жеткізіп, тындырды деген үлкен күрделі істің дерегі жоқ. Исатай, Махамбетке арналған халық жырларында Көтібар роль ойнамайды. Ал, Көтібар аты Есет, Бекет қозғалысының тұсында аталса, ол араны құр қара борандатпай, ұғына түсу керек. Арғы-бергіні қосып былықтырмау керек. Царизммен алысқан үлкен іс Есет пен Бекетте анық бар. Әсіресе Бекетте күшті. Бірақ ол бертінде, Бекет қозғалысының тұсында Көтібар жоқ, өлген. Дәл Бекет қозғалысына менің қалай қарайтынымды, қандай баға беретіндігімді мақаладан емес, шығармалық, жазушылық еңбегімнен сынау керек.

Мәселе Көтібар жөнінде. “Айман – Шолпан” поэмасы мен пьеса-либреттоның ішіндегі Көтібар арғы кездегі Көтібар. Бұл тұста Есет жас бала – поэмада ол анық. Ал Бекет тіпті тумаған да. Жә, тіпті сол Көтібардың өзі де тарихта роль ойнамаған Көтібар дейік.

Бұл арада “Правда” сынаған “Батырларды” алумен қатар, біздің салт-сана, тарих, мәдениет жөнімізде ұлы табыс есепті болған тағы бір-екі үлкен фактіні алайық. Мұның басы – СССР халықтарының тарихын жазу жөніндегі Сталин, Киров, Жданов жолдастардың ескертуі. Екіншісі – сол бағытпен жазылып шыққан “СССР тарихының қысқаша курсы” және БК(б)П тарихы. Осы еңбектердің кең аңғары бойынша әрбір елдің тарихында болған оқиға мен адамдарды бағалағанда соларды жалпы дүние тарихының даму жолындағы прогреспен, алға бастырушылық әрекетімен байланыстырып, бағалау керек дейді. Грузия тарихын алғанда ескі, қараңғы, реакциялы Иранға қарағанша мәдениеті ілгеріге бейімдеген Ресейге қарау пайдалы еді, артық еді дейді. Әрине, бұдан царизмге қарсы қозғалыстың бәрін қайта бағалау, қайта өзгертіп, керісінше түсіндіру деген қорытынды тумайды. Патшалықтың ханымен алысқан Исатай, Махамбет, Бекет халық ұғымына өзгеше, басқаша бағалансын деп ешкім де айтпайды.